

## ПРЕСС-РЕЛИЗ

### О присуждении АО «Народный Банк Казахстана» высоких наград международных финансовых изданий

25 мая

2011 г.

*Народный банк (Halyk Bank) удостоился сразу двух высших наград от авторитетных международных финансовых изданий. Журнал «Emeafinance» третий год подряд присваивает финансовому институту звание «Лучший банк в Казахстане» в номинации «Europe Banking Awards 2010», а издание «Global Finance» признало Народный банк как «Лучший банк в Казахстане» в номинации «World's Best Emerging Market Banks».*

В майских номерах журналов «Global Finance» и «Emeafinance» опубликованы обзоры с результатами опроса ведущих мировых экспертов – аналитиков финансовой индустрии, банковских консультантов, в которых Народный банк назван лидером года на казахстанском рынке. При анализе учитывались такие критерии как рост активов, прибыльность, развитие стратегических отношений, сферы обслуживания клиентов, уровня конкурентоспособности цен и инновационных продуктов.

- Halyk Group – это существенная часть финансового и банковского сектора Казахстана, а нынешняя универсальная банковская деятельность группы – уникальна, что и стало определяющим фактором в выборе «национального чемпиона» Евразии, – отметил в этой связи издатель и главный исполнительный директор (Publisher & CEO) журнала EMEA Finance Кристофер Моор, – Halyk Bank в тяжелый кризисный момент показал финансовый рост, увеличив свои активы, депозитный и кредитный портфели, а его инвестиционная дочерняя компания Halyk Finance сыграла ключевую роль в открытии международного рынка облигаций не только для государственных организаций, таких как Банк Развития Казахстана и Самрук-Казына, но также содействовала КазМунайГазу в выпуске евробондов на сумму 1.25 млрд. долларов США.

- Казахстанским банкам хорошо известны трудности сложившиеся в связи с экономическим спадом в последние годы, – в свою очередь сказал редактор Emeafinance Тим Бёрк, - но самые лучшие из них смогли не только выжить в этот неопределенный период, но и развить свой бизнес. Растущая доля рынка Народного банка и сильные финансовые показатели сделали его достойным победителем в присуждении нашей награды «Лучший банк в Казахстане».

Постоянно растет степень доверия к Народному банку Казахстана со стороны представителей мирового бизнес сообщества. В первую очередь, этому способствуют успешные результаты деятельности финансового института. Так, в апреле текущего года международное рейтинговое агентство Fitch Ratings, повысило рейтинги АО «Народный Банк Казахстана» с уровня «B+» до «BB-». Этому событию предшествовали успешный выход Народного банка на международный рынок капитала – в январе 2011 года банк разместил еврооблигации на общую сумму 500 миллионов долларов США, в марте 2011 года произвел досрочный возврат государственных средств, реализовав часть опциона на приобретение акций Банка и выкупив 20% своих простых акций у ФНБ «Самрук – Казына».

- Мы признательны профессионалам из «Emeafinance» и «Global Finance», - отметила председатель правления АО «Народный Банк Казахстана» Умут Шаяхметова, - Высокая оценка в очередной раз подтверждает эффективность выбранной нами стратегии, благодаря которой наш финансовый институт демонстрирует высокие результаты в своей работе, направленной на пользу клиентов, акционеров и инвесторов Народного банка.

\*\*\*

*АО «Народный Банк Казахстана» является лидирующей финансовой группой и лидирующим розничным банком в Казахстане с самой большой базой клиентов и сетью распространения. Банк развивается как универсальная финансовая группа, предлагая широкий спектр услуг (банковские, пенсионные, услуги по страхованию, лизингу, брокерские и управление активами) своим розничным клиентам, клиентам малого и среднего бизнеса и корпоративным клиентам. По состоянию на 1 января 2011 года активы Банка составляли 2,098 миллиарда тенге и капитал 318 млрд. тенге.*

Пресс-служба

АО «Народный банк Казахстана»

тел. +7 727 2 590 816, [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)



ТАРАТУ ҮШІН

## Халықаралық қаржылық басылымдардың «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на берген жоғары марапаты туралы

### *Баспасөз релизі*

2010 жылғы 25 мамыр

**Халық Банкі (Halyk Bank) халықаралық беделді қаржылық басылымдар тарапынан екі бірдей жоғары баға алды: «Emeafinance» журналы «Europe Banking Awards 2010» номинациясы бойынша үшінші жыл қатарынан қаржылық мекемені «Қазақстандағы үздік банк» деп таныды, ал «Global Finance» басылымы Банкті «World's Best Emerging Market Banks» номинациясы бойынша «Қазақстандағы үздік банк» ретінде бағалады.**

«Global Finance» және «Emeafinance» журналдарының мамыр айындағы нөмірлерінде әлемдік қаржы индустриясындағы жетекші сарапшы-талдаушылар арасында жүргізілген сұрау салу нәтижелері бойынша шолу жасалған, жарияланған пікірлерге сәйкес Халық банкі Қазақстанның қаржы нарығындағы жетекші банк ретінде бағаланған. Талдау жасау кезінде банк активтерінің өсімі, пайда табу көрсеткіші, стратегиялық қатынастарды дамыту, клиенттерге қызмет көрсету аясы, бағалардың бәсекелестік қабілеті және инновациялық өнімдер деңгейі сияқты критерийлер ескерілді.

- Halyk Group – бұл Қазақстанның қаржылық және банктік секторының маңызды бөлігі, ал қаржылық топтың қазіргі уақыттағы әмбебап банктік қызметін бірегей қызмет түрі ретінде қарастыруға болады, дәл осы фактордың «Еуразиялық ұлттық чемпионды» таңдауда маңызы зор болды,- деп атап көрсетті осы орайда «EMEA Finance» журналын шығарушы әрі басылымның атқарушы бас директоры (Publisher & CEO) Кристофер Моор. – Дүние жүзілік қаржы нарығын дағдарыс шалған қиыншылық кезеңнің өзінде Халық Банкі біршама қаржылық өсімге қол жеткізді, активтерінің мөлшерін ғана емес, депозиттік және кредиттік портфелінің көлемін де ұлғайта алды, ал оның еншілес инвестициялық ұйымы болып табылатын Halyk Finance компаниясы Қазақстан Даму Банкі және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры сияқты мемлекеттік мекемелер үшін халықаралық облигациялар нарығын ашуда маңызды рөл атқарды, сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына да жалпы сомасы 1.25 млрд. АҚШ доллары сомасына евробонд шығаруға қолқабыс көрсетті.

Өз кезегінде «Emeafinance» журналының редакторы Тим Бёрк экономикалық даму үрдісінде бәсеңдеу кезеңі байқалып отырған соңғы жылдардың өзінде қазақстандық банктердің тұтастай алғанда қаржылық қиыншылықтарға төтеп бере алғандығын, ал бұлардың ішіндегі ең үздіктері дағдарыс кезеңінен сүрінбей өтіп қана қоймай, өз бизнесін одан әрі дамыта білгендігін атап өтті. - Біздің тарапымыздан Халық Банкіне беріліп отырған жоғары баға - Банктің қаржы нарығындағы ауқымды үлесін білдіреді және жоғары қаржылық көрсеткіштерінің өсімін дәлелдейді, сондықтан Халық Банкі Қазақстандағы үздік банк марапатына бірден-бір лайық қаржылық мекеме, - деп түйді ойын атылған басылымның редакторы.

Беделді әлемдік басылымдардан Халық банкінің қызметіне берілген мұндай марапат дүние жүзілік бизнес-қауымдастығы тарапынан Банкке деген сенімнің тұрақты түрде артып келе жатқандығының көрінісі болса керек. Ең алдымен, тікелей байланысты болып табылады.

Мәселен, үстіміздегі жылдың сәуір айында *Fitch Ratings* халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ рейтингтерін «В+» деңгейінен «ВВ-» деңгейіне дейін өсірді. Бұл оқиға Халық Банкінің халықаралық капитал нарығына сәтті шығуымен, 2011 жылдың қаңтар айында 500 млн. АҚШ доллары сомасына еврооблигация орналастыруымен орайлас келді, ал осы жылдың наурыз айында Банк мемлекеттен алған қаржысын мерзімінен бұрын қайтаруға, сөйтіп өз акцияларының бір бөлігі бойынша опционды жүзеге асырып, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-нан акцияларының 20 пайызын қайта сатып алуға қол жеткізді.

- Біз «Eneafinance» және «Global Finance» басылымдары мамандарына кәсіпқойлық бағасы үшін ризалығымызды білдіреміз, - деді өз сөзінде Банк Басқармасының Төрағасы *Үміт Шаяхметова*, - Халық Банкіне беріліп отырған мұндай марапат біздің Банкті дамыту стратегиясы мен саясатын дұрыс таңдай алғандығымыздың белгісі. Мұның айқын көрсеткіші - қаржылық дағдарыс кезеңінен сәтті шығып қана қоймай, аталған жағдайды Банк клиенттері мен акционерлері және инвесторлары үшін барынша тиімділікпен, жоғары кәсіби біліктілік таныта отырып, оңтайлы пайдалануға қол жеткізгеніміз болып отыр.

\*\*\*

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еліміздің қаржы нарығындағы жетекші қаржылық топ әрі қазақстандық бөлшек бизнес қызметін көрсетуші ірі банк болып табылады. Банктің республика аумағы бойынша барынша таралған кеңейтілген филиалдық желісі бар. Бүгінгі күні Банк әмбебап қаржылық топ ретінде дами отырып, халыққа, оның ішінде жеке тұлғаларға және шағын және орта бизнес өкілдері мен корпоративтік клиенттерге алуан түрлі қаржылық қызмет ауқымын (банктік қызметтер, зейнетақылық жинақ, сақтандыру қызметі, лизинг (жалға беру), брокерлік-дилерлік қызмет, активтерді басқару қызметі) ұсына алады. 2011 жылғы 01 қаңтардағы жағдайға сәйкес Банктің активтер көлемі 2 098 млрд. теңгені құрады, меншікті капиталы 318 млрд. теңге мөлшерінде болды.*

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**  
**Баспасөз қызметі**  
тел. +7 727 2 590 816,  
[www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)